



2019 жылы демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 888 қаулысы.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 85-бабының 3-тармағына сәйкес және жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күні 2019 жылғы 4 мамыр сенбіден 2019 жылғы 10 мамыр жұмаға ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев